# "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 8 тамыздағы N 208-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілер қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

*Премьер-Министр* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2008 жылғы 8 тамыздағы
N 208-ө өкімімен
бекітілген

## "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

| Р/с № | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орындалуына жауапты мемлекеттік орган | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Туристік қызмет көрсету ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ТСМ | 2008 жылғы тамыз |
| 2. | Туристік қызмет көрсетудің үлгі шартын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ТСМ | |

| | | | | 2008 |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | жылғы тамыз |
| 3. | Туризм саласындағы мамандарды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ТСМ | 2008 жылғы тамыз |
| 4. | Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ТСМ | 2008 жылғы тамыз |
| 5. | Туристерді орналастыру орындарын сыныптау ережесін бекіту туралы | ТСМ бұйрығы | ТСМ | 2008 жылғы тамыз |
| 6. | Туристік қызмет саласындағы мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесін бекіту туралы | ТСМ бұйрығы | ТСМ | 2008 жылғы тамыз |
| 7. | Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімін және туристік бағыттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы | ТСМ бұйрығы | ТСМ | 2008 жылғы тамыз |
| 8. | "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлі- | ТСМ бұйрығы | ТСМ | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | гінің ведомстволары туралы" Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2007 жылғы 20 қарашадағы N 1-2/180 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | | | 2008 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | ж ы л ғ ы тамыз |

Е с к е р т п е :

ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК